

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
№8 «Қарлығаш» бөбекжай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің

№1 Хаттамасы

Қатысқан -35
Қатыспаған -5

05- қыркүйек
2023 жыл

Күн тәртібінде

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқау беру.
3. Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі

Сөз алғандар: Г.Қожабаева
(меңгеруші)
Д.Курбанбаева
(әдіскер)
С. Оңланова
(кәсіподақ комитетінің төрайымы)

Тыңдалды: Бірініші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Қожабаева, балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайын толығымен көріп, жаңарту керектігін айтып өтті. Алдағы уақытта балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңартылып, реттелетінін алға тартты.

Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен таныстырды. Ол өз сөзін – «Осы ережелер Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес бекітілді. Ережелердің мақсаты – мектепке дейінгі мекеме ұжымының жұмысын тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібін нығайту» - деп аяқтады.

Екінші мәселе балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен балабақша әдіскері Д.Курбанбаева таныстырды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау бала бақшасының барлық тәрбиешілері және қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып саналады.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

Серуендеу кезінде, іс-әрекет кезінде балалармен қауіпсіздік техникасын сақтау, оларды қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету.

Жарақат алудан сақтау үшін барлық стационарлық балалар жабдығы, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғаға бекітілуі тиіс деді.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның кәсіподақ комитетінің төрайымы - С. Оңланова, кәсіподақ ұйымының жылдық жұмыстарының қортындысын жасады.

Жылдық жоспарға сәйкес кәсіподақ жұмыстары ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын біліп, бірнеше қызметкерге қаржылай көмек берілді - деп жиналысты қортындылап, қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешімі:

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қанағаттанарлық деп бағаланып, алдағы уақытта толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқаулықтар беріліп, қызметкерлер таныстырылсын.
3. Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Балабақша меңгерушісі: Г.Қожабаева
Хатшы: Д.Курбанбаева



Келес аудандық білім бөліміне қарасты
№8 «Қарлығаш» бөбекжай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің

№2 Хаттамасы

Қатысқан –36
Қатыспаған –4

27 - қараша
2023 жыл

Күн тәртібінде

- 1.Өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы.
(Балалардың тамақтануы,тамақ қалдықтарының болмауы)
- 4.Өрт қауіпсіздігі ережелері жөнінде нұсқау

Сөз алғандар: Д.Курбанбаева
(әдіскер)
Г.Қожабаева
(меңгеруші)
К. Байжигитова
(медбике)
М. Бахриева
(шаруа меңгерушісі)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі, Г.Қожабаева жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың әдіскері – Д.Курбанбаева, өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтты. Өткен өндірістік кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау үнемі жүргізіліп тұрды. Жұмыс жоспарының негізінде қыргүйек айында топтарда оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстары қаралды. Тәрбиешілерге осы үрдісті бақылауды бағалау картасы толтыруға ұсынылды. Жұмыс барысын қорытындылай келе тәрбиешілерге бірнеше ұсыныстар берілді:

- Топта қарым – қатынас ережесін сақтау, театрландырылған ойын іс-әрекеттерін қолдану, бос әңгіме мен «құрғақ» үйретуді болдырмау.
- Баланың үстелде өзін ұстау мәдениетіне көңіл бөлу, сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.

Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі ережелеріне нұсқаулықтар берілді, қызметкерлер таныстырылды. Алдағы уақытта, жұмыс барысында әрбір қызметкер еңбек қауіпсіздігін сақтап жұмыс жасауға міндеттелсін.

Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі қанағаттанарлық деп бағаланды. Кәсіподақ жұмысы өз жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілсін.

Екінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың меңгерушісі – Г.Қожабаева, қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын қызметкерлермен талқылап, бекітті.

Үшінші мәселе бойынша, мейірбикесі – К. Байжигитова оперативті тексеру қорытындысы туралы сөз алды. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау күн тәртібін орындау жөнінде тәрбиешілерімен болған жай туралы әңгіме қозғады.

Балабақша мейірбикесі тазалықпен балалардың денінің саулығын тамақтануын басты мақсат деп білді. Күн тәртібімен тығыз байланыста болып тәртіпті бұзбай жұмыс істеулерін талап етті. Барлық топта балалар тамақтанатын ыдыстар хлорланған болуын, ойыншықтардың күнделікті жуылатынын тәрбиешілер айтты.

Төртінші мәселе бойынша Төтенше жағдайлар және өрттен сақтау нұсқауларын таныстыру жөнінде сөз қозғады. Ол өз сөзінде шаруа меңгерушісі М. Бахриева былай деді. Құрметті әріптестер бірінші дабыл қаққыш, дабыл қаққанда балаларды топтан далаға алып шығу керек. Топтағы электр көзіндегі тығулы тұрған заттарды суырып, ажыратып, қауіпті жерлердің барлығын тексеріп шығу керек. Өрт шыққан жағдайда 101-ге хабарласамыз. Өрт сөндірушілер өз жұмыстарын жүргізеді.

Шешімі:

- 1.Өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деңгейде.
- 2.Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекітілді.
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы бойынша тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау, күн тәртібін орындау жөнінде есебі қанағаттанарлық деп табылсын. Қадағалау жұмыстары жүргізілсін.
- 4.Өрт қауіпсіздігі ережелері жөнінде нұсқауларымен таныстыру қанағаттанарлық деп табылсын, оны қадағалау шаруа меңгерушісіне жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Қожабаева

Д.Курбанбаева

Келес аудандық білім бөліміне қарасты
№8 «Қарлығаш» бөбекжай бақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің

№3 Хаттамасы

Қатысқан –39

Қатыспаған –1

25 - қаңтар

2024 жыл

Күн тәртібінде

- 1.Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы
- 2.Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру(шұғыл тексеру)
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы.(Балабақшадағы қызметтік міндеттердің дұрыс орындалуы)
- 4.Төтенше жағдайлар,азаматтық қорғаныс жөнінде нұсқаулар.

Сөз алғандар: Комиссия мүшелері

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі, Г.Бурабаева жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша балбақшаның меңгерушісі Г.Бурабаева, өткен өндірістік кеңес шешімдерінің талапқа сай орындалғанын, өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулар берілгенін, сондай-ақ жұмыстар өз деңгейінде жүріп жатқанын айтып қортындылады.

Екінші мәселе бойынша мәдени-гигиеналық талаптардың орындалуы жайлы бақшаның медбикесі К. Байжигитова баяндады.

Санитарлық-гигиеналық талаптар, дене жаттығуларымен шұғылданатын орындар мен жағдайларды қадағалау – дене тәрбиесіндегі дәрігерлік бақылау жөніндегі жұмыстың негізгі бөлімдерінің бірі, жаттығулар мен спорттық жарыстарды өткізудің тиісті жағдайларын қамтамасыз етуге көмектеседі. Дене жаттығуларымен шұғылданатын орынды санитарлық-гигиеналық қадағалауға жұмыс жасап тұрған ережелер негізінде мемлекеттік санитарлық инспекцияның жергілікті органдары жүзеге асыратын спорттық құрылыстарды жобалау мен салудағы сақтандыратын санитарлық қадағалау және жаттығу орнының ұсталуының белгіленген санитарлық ережелерінің орындалуына күнделікті қадағалау жатады – деді.

Ол сөзінде былай деді: Балбақшада балалар үш мезгіл тамақтанады. Таңертеңгілік тамақта сүтпен піскен әр түрлі ботқалар, сары май мен нан, тәтті шәй.

Түскі тамаққа дәруменді салаттар, кампот және І-ші сұйық тамақ, ІІ-ші қою тамақ беріледі.

Бесін асқа жеңіл әр күні әртүрлі бөлішкелер, печенье, бауырсақтар беріледі. Ас қалдығы көп болмайды. Қалдықтарды арнайы ыдысқа құйып сыртқа шығарылады. Топтардағы балалардың ыдыстары белгілері түгелденген.

Үшінші мәселе бойынша сөз алған балбақшаның меңгерушісі

Г.Бурабаева былай деді: Балбақшадағы әрбір қызметкер өз міндеттерін дұрыс орындауы тиіс. Яғни оқу жылының басында әр жұмыскерге, лауазым иелеріне міндеттері туралы жазылып берілген болатын. Міне соған сәйкес жұмыс жүргізіліп отыр. Атап айтар болсам, мекеме аспазшысы мынадай лауазымдық міндеттерді білуі шарт;

Режимге сәйкес тағам түрлерінің дер кезінде әрі сапалы дайындалуын қамтамасыз етуді. Күн сайын ас мәзірлерін жасауды. Қоймашыдан азық-түлік өнімдерін белгіленген мөлшеріне сәйкес дәлме-дәл өлшеп алады. Азық-түліктің сапалы болуын қадағалайды. Ас үйдің, ыдыс-аяқтар мен барлық ас үйлік инвентарлардың тиісті жағдайда таза ұсталуын қамтамасыз етеді.

Азық-түлік өнімдерінің дұрыс сақталып, орнымен жұмсалуды қамтамасыз етеді.

Азық-түліктің гигиеналық өңдеуден өткізілуін тағам түрлерінің дастарханға мәдениетті түрде қойылуын қадағалайды.

Мекеме музыкалық жетекшісінің міндеті: Балаларға музыкалық тәрбие беру мен эстетикалық дамуды іске асырады.

Музыкалық сабақтар мен мәдени көпшілік іс-шараларды ұйымдастырады. Балалармен жұмыс істеуде озық тәжірибе енгізеді, - деп сөзін қорытындылады.

Төртінші мәселе бойынша балбақшаның шаруашылық меңгерушісі М. Бахриева былай деді: Балаларға арналған ғимараттарда кемінде екі эвакуациялық тікелей сыртқа шығу жолы болуы керек. Мектепке дейінгі балалар мекемелерін тұрғын және қоғамдық үй-жайларға бейім ғимараттарда орналастыруға; жазғы балалар орын алған ағаш ғимараттарда кір жуу орындарын, асханалар орнатуға; жазғы маусымда балалар орналасқан бөлмелерде пеш жағуға, керосиндік және электрқыздырғыш құралдарын қолдануға жол берілмейді. Балаларды өрт сөндіру үшін сумен қамтамасыз етілген саяжайларда орналастыруға жол берілмейді.

Өртке қарсы нұсқаулық ұйымдарының жұмыскерлеріне негізгі өрт қауіпсіздігі талаптарын жеткізу, өндірістер мен жабдықтардың технологиялық үдерістерінің өрт қауіптілігін, өрттен қорғау құралдарын, сондай-ақ өрт шыққан жағдайда олардың іс-қимылдарын зерделеу мақсатында жүргізіледі. Өртке қарсы нұсқаулықты өткізу кезінде ұйымның қызмет ерекшелігін ескерген жөн. Өртке қарсы нұсқаулықты өткізу ұйымдардың жұмыскерлерін мыналармен: ұйымда белгіленген өртке қарсы режиммен, сондай-ақ ішкі тәртіп нұсқауларымен және өрт қауіпсіздігі талаптарымен;

Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізуді есепке алу журналы оқыту, нұсқаулықтар өткізудің белгіленген мерзімдерін сақтау саласында жұмысты бақылау үшін қажет екендігін баса айтты.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлық деп табылсын.
 2. Ас блогының ережелерге сәйкестігін қортындылап тексеру қанағаттанарлық деп табылсын.
 3. Оперативті тексеру қортындысы жақсы деп табылсын.
 4. Төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс жөнінде нұсқаулар берілсін.
- Қадағалау шаруашылық меңгерушісі М. Бахриева жүктелсін

Балабақша меңгерушісі

Хатшы:



Г.Бурабаева

Д. Курбанбаева

№4 Хаттамасы

Қатысқан –36

Қатыспаған –4

15 - наурыз
2024 жыл

Күн тәртібінде

- 1.Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру
- 3.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
- 4.Балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру

Сөз алғандар: Меңгеруші
әдіскер
комиссия мүшелері

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балбақшаның меңгерушісі Г.Бурабаева, өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасының нығайтылғандығын, жұмыстар қарқынды жүргізілгенін қортындылады.

Екінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері Д.Курбанбаева жазғы сауықтыру шараларын түзу бойынша былай деді:

Бала – біздің болашағымыз. Болашақ балаларды дені сау етіп тәрбиелеу, қоғамымызда үлкен маңызды мәселелердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың қимылды әрекеттері арқылы, олардың әдемі, ақылды, күшті, сымбатты болып өсуіне әсер ету, адамның денсаулығын сақтап, нығайтудағы көңіл-күйдің тигізетін әсері де мол.

Балабақшада жазғы сауықтару маусымында балаларды салауаттылыққа тәрбиелеп, спортқа әуестендіру. Тазалыққа және күн тәртібі ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында өткізілетін сабақта түрлі-түсті ленталар, бүктемелер, тазалық туралы суреттер, көкөністер мен жемістер суреттері, өлең, тақпақ, жұмбақтар жаттап оқиды. балалар суға шомылады, күнге қыздырынады, таңертең жаттығу жасайды.

Үшінші мәселе балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен балабақша әдіскері Д.Курбанбаева таныстырды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау бала бақшасының барлық тәрбиешілері және қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып саналды.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие. Серуендеу кезінде, іс-әрекет кезінде балалармен қауіпсіздік техникасын сақтау, оларды қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету.

Жарақат алудан сақтану үшін барлық стационарлық балалар жабдығы, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғаға бекітілуі тиіс деді.

Төртінші мәселе бойынша, балабақшаның шаруашылық меңгерушісі М.Бахриева, ағымдағы оқу жылында жөндеу жұмыстары жоспарланғандығы және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін мәлімдеді.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. Өткен өндірістік кеңес қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жоспары түзілсін. Қадағалау жұмыстары әдіскер Д.Курбанбаеваға міндеттелсін.
3. Балабақшада балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатаң көңіл бөлінсін.
4. Балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастырылып, сметалық құжаттар дайындалып, жасалынсын.

Балабақша меңгерушісі: Г.Бурабаева

Хатшы: Д.Курбанбаева

